

## Шаруашылықшілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 119 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 сәуірде № 27790 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Шаруашылықшілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

*Е. Карашукеев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2022 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 119 бұйрығымен  
бекітілген

**Шаруашылықшілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Шаруашылықшілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 14-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және шаруашылықшілік және шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) әзірлеуші – жобалау және іздестіру жұмыстарымен айналысатын, сондай-ақ жерге орналастыру жобаларын орындауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

2) егістік – жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскесі, сондай-ақ таза сүрі жерлер. Алдын ала дақылдар өсірілетін (үш жылдан аспайтын уақыт аралығында), тамырын жақсарту мақсатында жыртылған шабындықтар мен жайылымдардың жер учаскелері, сондай-ақ егіске пайдаланылатын бақтардың қатар аралығы егістікке жатпайды;

3) жайылым – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдарда жаю кезінде жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталса, жайылымдардың өнімділігі жайылатын ауыл шаруашылығы жануарларына азық қажеттілігінен асатын жағдайларда, азық дайындау мақсатында шөп шабуға рұқсат етіледі;

4) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган);

5) жер учаскесі – тұйық шекаралар ішінде бөлінген, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін жер бөлігі;

6) көп жылдық екпелер – жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінің түсімін алуға, сондай-ақ аумақты сәндеп безендіруге арналып қолдан отырғызылған көп жылдық ағаш, бұта екпелеріне пайдаланылатын жер учаскелері;

7) табиғи шабындықтар – шөп шабу үшін жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері;

8) үшінші тұлғалар – жерге орналастыруды жүргізу кезінде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін іргелес жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар;

9) шалғайдағы жайылымдар – елді мекендерден алыстағы аумақтарда шалғайдағы мал шаруашылығын жүргізу үшін пайдаланылатын жайылымдар.

## **2-тарау. Шаруашылықшілік жерге орналастыру жобаларын жасау тәртібі**

3. Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобаларын (бұдан әрі – ШЖО) әзірлеу мынадай ретпен жүзеге асырылады:

- 1) жерге орналастыру іс-қимылдарын жүргізуді бастау;
- 2) дайындық жұмыстары;
- 3) шаруашылық ішілік жерге орналастыру болжамдарын, схемалары мен жобаларын әзірлеу;
- 4) жерге орналастыру құжаттамасын қарау, келісу және бекіту;
- 5) жобаны орындау.

4. ШЖО жобасын әзірлегенде жерге орналастыру ісін жүргізуді бастау мүдделі жер учаскелері иелерінің немесе жер пайдаланушылардың (бұдан әрі – тапсырыс берушілер) өтінішхаты бойынша әзірленеді және әзірлеушімен жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

ШЖО жобасы тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

### **1-параграф. Дайындық жұмыстары**

5. Дайындық жұмыстарын орындау кезеңінде жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын, жоспарлы-картографиялық, топырақтық-геоботаникалық және зерттеп-қарау деректерін, жерлерді бағалау деректерін, сондай-ақ тапсырыс берушінің зерттеп-қаралатын жерлерінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын сипаттайтын деректерді жинау және жүйелеу жүргізіледі.

6. Дайындық жұмыстарының құрамында:

- 1) далалық зерттеп-қараулар жүргізіледі;
- 2) жобалауға тапсырма қалыптастырылады.

7. Танаптық зерттеп-қараулар жаңа жерлерді игеру резервтерін анықтау, ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында жүргізіледі. Тапсырыс берушінің жерлері және бөгде пайдаланудағы жерлер зерттеп-қаралады және оларды пайдалану бойынша ұсыныстар әзірленеді. Әзірлеуші танаптық зерттеп-қарауларды жүргізген кезде:

1) түбегейлі жақсарту жұмыстарын жүргізуді қажет ететін ауыл шаруашылығы алқаптарын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінде тікелей пайдаланылмайтын, бірақ егістікке, көп жылдық екпелерге, табиғи шабындықтарға, жайылымдарға, түбегейлі жақсартылған шабындықтарға және түбегейлі жақсартылған жайылымдарға игеру үшін жарамды жерлерді айқындайды;

2) топырағы эрозияға ұшыраған жер учаскелерін нақтылайды, эрозиялық процестер серпінін, сондай-ақ топырақтың эрозияға ұшырау дәрежесін айқындайды;

3) бүлінген жерлерді рекультивациялау мақсатында оларды және топырақтың қолданыстағы сызықтық және жыралы эрозиясының ошақтарын анықтайды;

4) қолданыстағы гидротехникалық эрозияға қарсы құрылысжайларды, қорғаныштық орман екпелерін зерттеп-қарайды және оларды жөндеу немесе реконструкциялау қажеттігін айқындайды;

5) шаруашылық ішіндегі жол желісін зерттеп-қарайды, жекелеген жолдардың жұмыс істеу орындылығын, қолданыстағы жолдар мен жол құрылысжайларын жөндеу және жаналарын салу қажеттігін белгілейді;

6) шалғайдағы жайылымдарды сумен жабдықтау, суландыру көздерін анықтайды;

7) соңғы екі жылдағы ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасын жасайды.

8. Танаптық зерттеп-қарау материалдары бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің, топырақ құнарлығының және тапсырыс берушінің ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдаланудың нақты жай-күйі көрсетілген осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруашылықшілік жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба жасалады.

9. Зерттеп-қаралатын жерлерді жобалауға арналған тапсырма мыналарды көздейді:

1) тапсырыс беруші шаруашылығының мамандануы бойынша көрсеткіштер;

2) өсімдік шаруашылығы және (немесе) мал шаруашылығы жалпы өнімін өндіру көлемі;

3) ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу жоспары;

4) өндірістің ұйымдастыру-өндірістік құрылымы бойынша ұсыныстар;

5) жоспарланып отырған жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар (топырақты эрозиядан қорғау, бүлінген жерлерді рекультивациялау, қорғалатын аумақтарды бөлу);

6) жобаны іске асыру кезеңіне мал шаруашылығы кешендері мен шаруашылықтарды орналастыру бойынша ұсыныстар;

7) ауыл шаруашылығы дақылдарының, табиғи азықтық алқаптардың, дақылдық жайылымдардың орташа түсімділігіне арналған ұсынымдар;

8) ауыл шаруашылығы жануарлары (түрлері бойынша) басының саны және орташа өнімділігі;

9) қышқыл топырақты түбегейлі және үстіртін жақсарту, әктеу, табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, сортаң топырақтарды гипстеу, шалғындандыру жұмыстары және эрозияға қарсы жұмыстар;

10) ауыл шаруашылығы алқаптарының алаңы, алқаптардағы көпжылдық екпелердің құрамы (түрлері бойынша);

11) суаруға белгіленген, егістікке, көп жылдық екпелерге, түбегейлі жақсартылған шабындықтарға және түбегейлі жақсартылған жайылымдарға игерілетін жерлер алаңдары;

12) топырақ жағдайларын және эрозиялық процестердің байқалуын ескере отырып, жобаны іске асыру кезеңіне ауыл шаруашылығы дақылдарының топтары бойынша егіс алаңдарының құрылымы;

13) топырақ құнарлығын сақтау үшін тыңайтқыштар енгізу бойынша ұсыныстар.

Бұл ретте, жобалауға арналған тапсырма жер учаскесінің нысаналы мақсатына және Кодекстің 65-бабына сәйкес жасалады.

## **2-параграф. Шаруашылықшілік жерге орналастыру болжамдарын, схемалары мен жобаларын әзірлеу**

10. ШЖО болжамдарын, схемалары мен жобаларын әзірлеу жергілікті жердің бедері бейнеленген өзекті жоспарлы-картографиялық материалдар, зерттеп-қаралатын жерлерді бағалау деректері, топырақтық, топырақтық-мелиорациялық, геоботаникалық зерттеп-қараулар негізінде жүзеге асырылады. ШЖО болжамдары, схемалары мен жобалары жерлерді жалдау мерзімі ескеріле отырып әзірленеді.

ШЖО жобасының жоспарлы-картографиялық материалдарындағы схемалар 1:10000, 1:25000 және 1:150000 масштабтарымен әкімшілік аудан шекараларында ауыл шаруашылығын дамыту және орналастыру жөніндегі іс-шараларды графикалық бейнелеу үшін және шалғайдағы мал шаруашылығы аудандарындағы, шөлді және жартылай шөлейт аймақтардағы жобаларды әзірлеу үшін неғұрлым ұсақ масштабта жасалынады.

11. Жерлерді мелиорациялау, егістікке, көп жылдық екпелерге, табиғи шабындықтарға, жайылымдарға, түбегейлі жақсартылған шабындықтарға және түбегейлі жақсартылған жайылымдарға жаңа жерлерді игеру бойынша жобалық ұсыныстар ШЖО жобасын іске асыру кезеңінде әзірленеді, ал болжамды пысықтаулар жерлердің ауыл шаруашылығы өндірісінде тиімді пайдаланылуы ескеріле отырып ұсынылады.

12. ШЖО жобаларында мынадай көрсеткіштер мен іс-шаралар қамтылады:

- 1) тапсырыс берушінің шаруашылығын дамыту көрсеткіштері;
- 2) ауыл шаруашылығы алқаптары мен ауыспалы егістерді ұйымдастыру;
- 3) ауыспалы егістер аумағын жайғастыру;
- 4) мал шаруашылығы өнімдерін өндіруші ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін азықтық алқаптар аумақтарын жайғастыру;
- 5) жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені.

Бұл ретте, аумақтарды, ауыспалы егістерді, азықтық алқаптарды ұйымдастыру және жайластыру жөніндегі іс-шараларды және жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу зерттеп-қаралатын жерлердің алаңына және тапсырыс берушінің мамандануына қарай жүзеге асырылады.

13. Тапсырыс берушінің шаруашылығын дамыту көрсеткіштерінде мыналар көзделеді:

- 1) ауыл шаруашылығы алқаптарын түбегейлі және үстіртін жақсарту, құрғату мен суару, топырақты жел және су эрозиясынан қорғау бойынша жобаны іске асыру кезеңіне арналған жұмыстар көлемі;
- 2) салалар бойынша еңбек шығындары, жұмыс күшінің теңгерімі;

3) эрозияға қарсы ауыл шаруашылығы техникасына қажеттілік;  
4) өндірістік, жол және су шаруашылығы құрылысының көлемі;  
5) мелиоративтік, дақылды техникалық және эрозияға қарсы жұмыстардың түрлері мен көлемдері;

6) ауыл шаруашылығы жануарлары басын есепке алу, мал шаруашылығы өнімділігін есептеу, табынның құрылымын айқындау, өндіріс көлемі, мал шаруашылығының жалпы және тауарлық өнімін бөлу;

7) малды күтіп-бағу жүйесі, азық рациондардың құрылымы, азықтың малға қажеттілігі, оларды өндіру көлемі, азық теңгерімі және жасыл конвейер схемалар;

8) егіс алаңдарының, ауыспалы егістердің құрылымы, ауыл шаруашылығы дақылдарының түсілімділігі және азықтық алқаптардың өнімділігі, өсімдік шаруашылығының жалпы және тауарлық өнімін бөлу.

14. Ауыл шаруашылығы алқаптарын және ауыспалы егістерді ұйымдастырғанда мыналар көзделеді:

1) алқаптардың құрамын және арақатынасын, ауыспалы егістердің түрлері мен типтерінің санын белгілеу, оларды ұтымды орналастыру, жерлерді игеру және жақсарту жөніндегі жұмыстардың алаңдары мен көлемін нақтылау;

2) жобалауға арналған тапсырмада көзделген көлемде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру;

3) еңбекті тиімді ұйымдастыру, техниканы жоғары өнімділікпен пайдалану, көлік және басқа да жыл сайынғы шығындарды төмендету;

4) эрозия процестерін болдырмау;

5) мелиоративтік, эрозияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты күрделі шығындардың жоғары тиімділігі;

6) ғылыми негізделген ұсынымдар негізінде қолда бар ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін арттыру;

7) жыртылған жерлерді жоғары өнімділікпен пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру және топырақты су және жел эрозиясынан тиімді қорғай отырып және еңбек пен қаражат шығындарын барынша аз жұмсай отырып, алаң бірлігінен алынатын өнімнің шығымын ұлғайту;

8) табиғи шабындықтар мен жайылымдарды ұтымды пайдалануды ескере отырып, мал шаруашылығын дамыту үшін азықтық базаны дамыту үшін мал шаруашылығы өнімін өндіретін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үшін ауыспалы егістерді ұйымдастыру;

9) ауыл шаруашылығы алқаптарын тиімді пайдалануды және олардың құнарлылығын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіретін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін алқаптар ұйымдастыру.

Бұл ретте бақтарға, жүзімдер мен жидектерге арналған учаскелерді таңдау тау баурайларының биіктігі, жерасты суларының орналасу тереңдігі, топырақ пен топырақтың химиялық және физикалық құрамы ескеріле отырып, жүргізіледі.

15. Ауыспалы егістер аумақтарын жайғастыру кезінде мыналар көзделеді:

1) ауыспалы егістер танаптарын, жұмыс учаскелерін, қорғаныштық орман жолақтарын, су шаруашылығы құрылысжайларының танаптық тұрақтарын өзара байланыстыра орналастыру;

2) суармалы және құрғатылған жерлерде ауыспалы егістер аумақтарын қолданыстағы немесе жобаланатын ирригациялық және құрғату желілерін орналастыра отырып, жайлғастыру;

3) жер бедері күрделі учаскелерде топырақты эрозиядан қорғау бойынша агротехникалық шарттарды қамтамасыз ету;

4) ауыспалы егістердегі танаптық және азықтық эрозиялық процестердің қарқындылығына байланысты топырақтың жел және су эрозиясы дамыған аудандарда эрозияға қарсы іс-шараларды жобалау;

5) танапты сумен жабдықтау үшін суға қажеттілікті бірінші кезекте шаруашылық аумағындағы өзендерді, тоғандарды, құдықтарды және ұңғымаларды пайдалану есебінен қанағаттандыру. Су жетіспеген жағдайда, жаңа су шаруашылығы құрылысжайларын салуды жоспарлау немесе танапқа су жеткізу, сондай-ақ суаруға жарамды ызасулардың бар-жоғына зерттеп-қарау жүргізу.

16. Азықтық алқаптардың аумақтарын жайғастыру кезінде мыналар көзделеді:

1) әр шаруашылықтың жасыл азықтарға қажеттілігін қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығы жануарлары үшін жайылымдардың бар-жоғын және өнімділігін, оларды күтіп-бағу жүйесін, ауыспалы егістердің, су көздерінің орналасуын, малды жайылымдарға айдау мүмкіндігін, жазғы кезеңге шалғайдағы жайылымдардың ұйымдастырылуын ескере отырып, мал өсіру шаруашылықтарына жайылымдарды бекітіп беру;

2) жайылымда тұрған әрбір табынға (отарға) азықтық алқаптарды ұтымды пайдалану үшін жеке табын (отар) учаскесін бекітіп беру, ал жайылымдық жерлерді маусымдық пайдаланатын жерлерде – бір табынға бірнеше табын учаскелерін бекітіп беру;

3) малдың жүйелі (айдау, порциялық) жайылуын ұйымдастыру үшін жинақы және ыңғайлы табын (отар) учаскелерін орналастыру;

4) әрбір табын (отар) учаскесінде жайылым айналымдарын жобалау, ал табын учаскелерінің мөлшері шағын болған кезде бірнеше табын үшін топтық жайылым айналымдарын жобалау;

5) жазғы кезеңге арналған шалғайдағы жайылымдарды, суаратын пункттер мен мал айдауға арналған учаскелерді орналастыра отырып, табындық (отарлық) және жайылымдық айналым учаскелерін тығыз байланыстырып орналастыру;

6) мал суаруға арналған су шаруашылығы құрылысжайлары болмаған кезде сумен жабдықтайтын жаңа пункттерді не жайылымдарға су жеткізуді ұйымдастыру;

7) суға қажеттілікті, малдың орналасуын (жазғы кезеңге арналған жайылымдарда немесе шаруашылықта) және құрылысжайлардың құнын ескере отырып, су шаруашылығы құрылысжайларының саны мен типтерін белгілеу;

8) суару үшін ашық су айдындарын (көлдер, өзендер, тоғандар) пайдаланған кезде суат алаңдары мен оларға өту жолдарын салу;

9) мал өсіру шаруашылықтары немесе табындық (отарлық) учаскелері бар жазғы лагерьлермен байланыс үшін, сондай-ақ танаптарында мал жаю көзделетін азықтық ауыспалы егістермен байланыс үшін мал айдауға арналған учаскелерді жобалау. Мал айдауға арналған учаскелердің енін ауыл шаруашылығы жануарларының түріне, олардың табындағы (отардағы) санына, жергілікті жердегі жағдайларға және мал айдау санына қарай белгілеу;

10) шабындық-жайылымдық ауыспалы егістерді, шабындық ауыспалы учаскелерді жобалау және жол желілерін орналастыру. Шабындық-жайылымдық ауыспалы егістер шабындықтардың түрлеріне және олардың аумақтық орналасуына қарай жобаланады.

17. Жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінде мынадай іс-шаралар көзделеді:

1) жерлерді сарқылудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталама сортаңданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан және ластанудан қорғау;

2) бүлінген жерлерді рекультивациялау;

3) жердің бүлінуіне байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу, сақтау және пайдалану.

18. Жерді сарқылудан және шөлейттенуден, су және жел эрозиясынан, селден, су басудан, батпақтанудан, қайталама сортаңданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан және ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінде су және жел эрозиясының таралуына қарай мыналар көзделеді:

1) жұмыс учаскелері, ауыспалы егіс алқаптары, шабындық және табындық (отарлық) учаскелер бөлінісінде агротехникалық және эрозияға қарсы іс-шаралар;

2) шалғындандыру, минералдық тыңайтқыштар мен арнайы машиналар үшін агротехникалық тәсілдерді белгілеу және көпжылдық шөптердің тұқымына қажеттілікті айқындау;

3) аңызак, эрозия қауіпті және бұрқасын желдердің жылдамдығын төмендетуді, жерүсті ағысын реттеу және топырақтың эрозияға қарсы тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз ететін агроорман-мелиорациялық эрозияға қарсы іс-шаралар;

4) ағынды реттеу, ауыл шаруашылығы алқаптарын бұзатын немесе құрылыстар мен объектілерге қауіп төндіретін қарқынды өсіп келе жатқан жыраларды бекіту үшін эрозияға қарсы гидротехникалық құрылысжайларды жобалау.



19. Табиғи жағдайларға және жерлердің нақты жай-күйіне қарай бүлінген жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шаралар кешенінде мыналар көзделеді:

1) жердің құнарлылығын және басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіру және оны шаруашылық айналымға уақтылы тарту;

2) жерасты және жерүсті суларының ықтимал ластануын болдырмау.

20. ШЖО жобасы екі бөліктен қалыптастырылады: мәтіндік және графикалық. Әр түрлі жобалық шешімдер туындайтын ШЖО жобасының ең күрделі бөліктері немесе элементтері техникалық және экономикалық көрсеткіштерге негізделген бірнеше нұсқада жасалады.

21. ШЖО жобасының мәтіндік бөлігі мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруашылықшілік жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба;

2) ауыл шаруашылығы алқаптары бойынша жерлердің экспликациясы, ауыл шаруашылығы алқаптарының сапа сипаттамалары;

3) әзірлеуші мен тапсырыс беруші қол қойған, жерлердің теңгерімі бар жерлердің алқаптар бойынша жерлердің экспликациясын нақтылау актісі (жер теңгерімінің деректерімен алшақтықтар болса алшақтықтардың себептері анықталады);

4) ауыспалы егіс танаптарының топырақтық әртүрлігі, бағалау топтары, топырақтың механикалық құрамы және дефляциясы бойынша көрсеткіштері;

5) агроэкономикалық есептеулер мен жобалық шешімдердің негіздемесі;

6) "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларына сәйкес жерлерді ұтымды пайдалану жөніндегі ұсыныстар;

7) танаптық зерттеп-қараулар және жобалауға тапсырма;

8) тапсырыс берушінің шаруашылығын дамытудың ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалану және ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бойынша көрсеткіштері;

9) алқаптарды және ауыспалы егістерді ұйымдастыру;

10) ауыспалы егіс аумағын орналастыру;

11) азықтық алқаптардың аумақтарын орналастыру;

12) жерлерді қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені.

22. ШЖО жобасының графикалық бөлігі мыналарды қамтиды:

1) әзірлеуші мен тапсырыс беруші қол қойған танаптық журнал, жерлерді пайдалану және аумақты ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстары мен ұсынымдары бар танаптық зерттеу актісі мен сызбасы;

2) топырақтық-геоботаникалық сипаттамалары, учаске топографиясы, дефляция деңгейінің географиялық орналасуы (учаске координаттары) және эрозиялық процестердің ықтимал көрінісі көрсетілген жер пайдалану картасы;

3) ШЖО жобасы нұсқаларының, эрозияға қарсы және мелиорациялық іс-шаралардың сызбалары;

4) ШЖО жобасын іске асыру кезеңіне ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру сызбасы;

5) ШЖО жобасын жергілікті жерге көшіру сызбасы.

### **3-параграф. Жерге орналастыру құжаттамасын қарау, келісу және бекіту**

23. ШЖО жобаларын Кодекстің 150-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жер учаскесінің орналасқан жері бойынша уәкілетті органмен келісу бойынша тапсырыс беруші бекітеді.

Уәкілетті органның ШЖО жобасын қарауы және келісуі Кодекстің 151-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ШЖО жобасын алған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады.

Жерге орналастыру жобасын келісу Кодекстің 65 және 140-баптарында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде жүзеге асырылады.

24. ШЖО жобасын әзірлеуші екі данада әзірлейді, тігеді және нөмірлейді. Бекітілген ШЖО жобасының бір данасы әзірлеушіде, екіншісі тапсырыс берушіде сақталады және де көшірмесі уәкілетті органға беріледі.

### **4-параграф. Жобаны орындау**

25. Тапсырыс беруші ШЖО жобасын геодезиялық аспаптардың көмегімен жергілікті жерге көшіре отырып, ШЖО жобасын орындауды жүзеге асырады. Жергілікті жерге мыналар көшірілуі тиіс:

1) ауыспалы егіс танаптарының жаңадан жобаланатын немесе нақтыланатын шекаралары;

2) ауыспалы шабындық учаскелері, табындық (отарлық) учаскелер, сондай-ақ магистралдық және далалық жолдар, мал айдауға арналған учаскелер;

3) қорғаныштық орман екпелері, гидротехникалық эрозияға қарсы құрылысжайлар, дақылды жайылымдардағы кезекті отау қашалары.

Ауыспалы егіс алқаптарының және шаруашылық учаскелерінің шекаралары жоспарда жобаланған шекаралардан 0,5 (нөл бүтін оннан бес) миллиметрден артық ауытқымай, ал шабындық және жайылым учаскелері үшін 1,0 (бір) миллиметрден артық ауытқымай белгіленеді.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының алаптарын кесіп өтетін танаптар мен басқа да шаруашылық учаскелері шекараларының бұрылыс пункттерінде межелік белгілер

орнатылады. Танаптар мен шаруашылық учаскелерінің, сондай-ақ егістікке, көп жылдық екпелерге, табиғи шабындықтарға, жайылымдарға, түбегейлі жақсартылған шабындықтарға және түбегейлі жақсартылған жайылымдарға игерілетін жерлердің құрғақ алқап шекаралары бір атызбен жыртылады. Жолдар мен мал айдайтын учаскелер екі жағынан жыртылады.

26. Танаптарда құнды дақылдар болса және шекараларды жырту ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға зиян келтіруі немесе кедергі келтіруі мүмкін болған жағдайларда, шекараларды жырту егін жиналғаннан кейін жүргізіледі.

## **2-тарау. Шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасау тәртібі**

27. Шаруашылықаралық жерге орналастыру (бұдан әрі – ШАЖО) жобаларын әзірлеу әкімшілік-аумақтық бірліктер арасында жерлерді бөлу кезінде, әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын жобалау және ауыл шаруашылығы мақсатындағы және ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес бағыттағы жаңа жер пайдалануды қалыптастыру кезінде жүзеге асырылады.

28. ШАЖО әзірлеу ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамы, су пайдалануды жоспарлау ескеріле отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер шекарасында жүргізіледі.

29. ШАЖО әзірлеу кезінде мынадай қағидаттар басшылыққа алынады:

1) жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;

2) жерлерді қорғау және ұтымды пайдалану;

3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

4) жерлерді нысаналы пайдалану;

5) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің басымдығы;

6) Кодекстің 149-бабына және 150-бабының 1-тармағына сәйкес жерлерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау;

30. ШАЖО жобасын әзірлеу мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) жерге орналастыру іс-қимылдарын жүргізуді бастау;

2) дайындық жұмыстары;

3) шаруашылықаралық жерге орналастырудың болжамдарын, схемалары мен жобаларын әзірлеу;

4) жерге орналастыру құжаттамасын қарау, келісу және бекіту;

5) жобаны орындау.

31. ШАЖО жобасын әзірлегенде жерге орналастыру ісін жүргізуді бастау ШАЖО жобасы әзірлеушімен жасалатын шарт негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі – ЖАО) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

## 1-параграф. Дайындық жұмыстары

32. Дайындық жұмыстарын әзірлеуші мынадай ретпен орындайды:

- 1) дайындық жұмыстары;
- 2) танаптық зерттеп-қараулар;
- 3) камералдық жұмыстар.

33. Дайындық жұмыстарын жүргізу кезінде жоспарланған материалдардың тізбесі мен мазмұны жүргізілген жұмыс көлеміне және зерттеп-қаралатын жерлердің алаңына байланысты болады.

Бұл ретте, ЖАО әзірлеушіге мынадай мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етеді:

- 1) зерттеп-қаралатын жерлердің орналасқан жері туралы;
- 2) зерттеп-қаралатын аумақтағы жерлердің теңгерімі бойынша;
- 3) Кодекстің 49-2-бабына сәйкес резервте қалдырылған және резервте қалдыру жоспарланған жерлер бойынша;
- 4) жерлерді аймақтарға бөлу бойынша.

34. Дайындық жұмыстары зерттелеп-қаралатын жерлерге шыққанға дейін орындалады және ШАЖО жобасына қатысушылардың құрамын анықтаудан басталады.

Аумақты зерттеп-қарау үшін мыналар талап етіледі:

1) жоспарлы-картографиялық (жоспарлы негіз), жер-кадастрлық, экономикалық, зерттеп-қарау, жобалау материалдарын, сондай-ақ жерлерді бағалау құны бойынша материалдарды жинақтау;

2) зерттеп-қаралатын жерлердің, ауыл шаруашылығы алқаптарының шекараларын, санаттарын, ауылдық елді мекендердің шекараларын, олардың алаңдарын нақтылау және көрсетілген шекараларды жоспарлы негізге енгізу;

3) топографиялық-геодезиялық, картографиялық, топырақтық, геоботаникалық зерттеп-қараулардың және іздестіру жұмыстарының материалдарын жинау және зерделеу;

4) жерлердің теңгерімінің, жерлерді бағалау және түгендеу деректерін зерделеу;

5) елді мекендерді жоспарлау және салу схемаларын, сондай-ақ жолдарды салу бойынша деректерді зерделеу;

6) су шаруашылығы құрылысжайлары, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі, суару желілері және көлтабанды суару жүйесі туралы мәліметтер жинау;

7) қорықтарды, қаумалдарды, табиғат, мәдениет ескерткіштерін, тарихи-мәдени объектілерді орналастыру туралы мәліметтер;

8) су қорғау белдеулерінің және аймақтарының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және жерді пайдалану мен қорғаудың ерекше шарттары бар жер учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ олардағы жерлерді пайдалану режимін белгілеу туралы мәліметтер;

9) арнайы жер қорының бар-жоғы және орналастырылуы туралы мәліметтер;

10) соңғы 3-5 жылдағы ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі және жануарлардың өнімділігі туралы мәліметтерді жинау және зерделеу.

35. Танаптық зерттеп-қарау тапсырыс берушінің және үшінші тұлғалардың қатысуымен жобаланатын барлық аумақта жүргізіледі.

Танаптық зерттеп-қарау процесінде:

1) елді мекендер, әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының және олардың құқықтық актілерге сәйкестігі зерттеп-қаралады;

2) жерлер, ауыл шаруашылығы алқаптары санаттарының шекаралары, және олардың жерлердің теңгеріміне сәйкестігі зерттеп-қаралады, ал егер бөгде пайдаланудағы учаскелер болса, бөгде пайдаланудағы учаскелер нақтыланады;

3) зерттеп-қаралатын жерлердегі топырақтың, жер бедерінің, өсімдіктердің сипаттамасы, өндірістік пайдалану, топырақ құнарлылығының деңгейі және ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігі нақтыланады;

4) жақсартуды қажет ететін және ауыл шаруашылығы алқаптарын игеруге жарамды жер учаскелері айқындалады;

5) мелиоративтік құрылысжайлар, зерттеп-қаралатын аумақтарды ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен байланыстыратын жол желісі, сумен жабдықтау көздері, олардың жай-күйі, жаңаларын салу қажеттілігі, суарылатын аумақтар зерттеп-қаралады;

6) жерлердің экологиялық жай-күйі, зерттеп-қаралатын жерлердің ластанған аумақтарға, автожолдарға, зауыттар мен өндірістерге жақындығы айқындалады;

7) аумақтың, жер қорының жай-күйі, өндіріс қажеттілігі, жерлерді ұтымды пайдалану мен қорғаудың жолдары мен тәсілдері зерттеп-қаралады;

8) эрозияға ұшыраған және эрозияға бейім жерлер, тозған жерлер анықталады;

9) эрозияға қарсы гидротехникалық құрылысжайлардың, қорғаныш екпелердің бар-жоғы және олардың жай-күйі белгіленеді;

10) мүдделі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерлерді одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстары зерделенеді;

11) суармалы егіншілік аймақтарында зерттеп-қарау жүргізу кезінде суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі, суару желісінің және жайылма суару желісінің, көлтабандап суару жүйесінің гидротехникалық және су шаруашылығы құрылысжайларының техникалық жай-күйі, суарылатын жерлерді түгендеу бойынша деректер, су шаруашылығы ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесі, суармалы жерлердің алаңын ұлғайту мүмкіндігі, сортаңдануға ұшыраған жерлердің бар-жоғы зерделенеді;

12) елді мекендер, өндірістік кәсіпорындар, сумен жабдықтау көздері, негізгі жолдар мен құрылысжайлар зерттеп-қаралады;

13) меншік иелері мен жер пайдаланушылардың қолданыстағы жер учаскелерінің іс жүзінде пайдаланылуы туралы деректер зерделенеді.

36. Камералдық жұмыстарды жүргізу кезінде дайындық және танаптық жұмыстар кезінде жиналған материалдарды өңдеу, сипаттау, талдау және жүйелеу жүзеге асырылады.

37. Жүргізілген танаптық зерттеп-қараулардың, дайындық және камералдық жұмыстардың негізінде әзірлеуші ЖАО-мен бірлесіп жобалауға тапсырма жасайды. Жобалауға тапсырма мынадай міндеттерді шешу үшін жасалады:

1) қолданыстағы жер пайдалануды ретке келтіру, жергілікті жерлерде жер учаскелерінің шекараларын бұру және белгілеу;

2) жергілікті жерлерде елді мекендердің шекарасын (шегін) анықтау мен белгілеу, олардың жер-шаруашылық орналастыру жобаларын жасау;

3) жергілікті жерлерде әкімшілік-аумақтық құралымдардың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және жерлерді пайдалану мен қорғаудың ерекше шарттары бар басқа да жер учаскелерінің шекараларын белгілеу.

38. Жобалауға тапсырма жасау процесінде:

1) жерлерді ұтымды, тиімді пайдалану жөнінде ғылыми-негізделген талдау жасалады;

2) ауыл шаруашылығын дамытуға жарамды жерлердің анықталған резервтерін, ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамын және су пайдалануды жоспарлауды ескере отырып, ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында жаңа жер учаскелерін құру және қолданыстағыларын ретке келтіру жөнінде, шаруа немесе фермер қожалықтарын, ауыл шаруашылығы өндірісін, жеке қосалқы шаруашылықты, бақ шаруашылығын орналастыру және саяжай құрылысы үшін жер алаптарын бөлу жөнінде жобалық шешімдер әзірленеді;

3) ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамын, су пайдалануды жоспарлауды ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын өзгерту, жер қорын қайта бөлу және агроөнеркәсіптік кешен объектілерін, оның инфрақұрылымын орналастыру жөнінде жобалық шешімдер әзірленеді;

4) ерекше табиғат қорғау, рекреациялық және қорық режимдері бар аумақтардың шекараларын орналастыру және белгілеу жөнінде жобалық шешімдер әзірленеді;

5) жоспарлы-картографиялық материалдар қалыптастырылады;

6) шаруашылықтардың мамандануы бойынша аймақтар белгіленеді;

7) мүдделі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың ұсыныстары қаралады;

8) жер учаскелерінің елді мекендермен, аудан орталықтарымен, ортақ пайдаланылатын жолдармен, мал айдайтын трассалармен және су көздерімен байланысын орнату бойынша жобалық шешімдер әзірленеді;

9) жерлерді қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, жерлерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан

негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған іс-шаралар әзірленеді;

10) ШАЖО жобасының жобалық шешімдері мен іс-шараларын жобалауға арналған тапсырмада қалыптастырылған орындау мерзімдері белгіленеді.

## **2-параграф. Шаруашылықаралық жерге орналастырудың болжамдарын, схемалары мен жобаларын әзірлеу**

39. ШАЖО жобасы мәтіндік және графикалық бөліктерден тұрады.

ШАЖО жобасының мәтіндік бөлігі мыналарды қамтиды:

1) дайындық жұмыстары мен зерттеп-қарау нәтижелерін, танаптық зерттеп-қарауды жүргізу кезінде анықталған кемшіліктерді жинау, зерделеу, нақтылау жөніндегі нәтижелер көрсетілген осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба;

2) жобалауға тапсырма;

ШАЖО жобасының графикалық бөлігі мыналардан тұрады:

1) меншік иелері мен жер пайдаланудың қолданыстағы және жобаланатын объектілерін көрсете отырып, 1:100 000-нан кем емес масштабтағы ШАЖО схемасы ( жоспары).

ШАЖО схемасында (жоспарында) қолданыстағы жер учаскелерінің шекаралары кара түспен және алып қоюға берілетін немесе жататын жер учаскелерінің жобалық шекаралары – қызыл түспен белгіленеді, бөгде пайдаланудағы учаскелердің шекаралары қоңыр түспен белгіленеді, сондай-ақ аудан орталықтары, елді мекендер, ауыл шаруашылығы алқаптары, жол желісі, суару, құрғату, суландыру және ирригациялық жүйелер және құрылысжайлар, сумен жабдықтау көздері, жасанды су айдындары, байланыс және электр беру желілері, ерекше режимде пайдаланылатын аймақтар шартты белгілермен белгіленеді;

2) жерлердің экспликациясы;

3) топырақтық және геоботаникалық карталардың көшірмелері.

40. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы және ауыл шаруашылығы бағытындағы емес жаңа жер пайдалануды жобалау кезінде мыналар ескеріледі:

1) жалпы мемлекеттік мүдделер мен зерттеп-қаралатын жерлердегі мүдделі тараптардың ұсыныстары;

2) ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандануына сәйкес келетін алқаптардың құрамы мен арақатынасы бар ұтымды өлшемдердегі жер учаскелерін жобалау;

3) әкімшілік орталықтармен ыңғайлы байланысты қамтамасыз ету үшін жол желісін ескере отырып, жер учаскелерін жобалау;

4) конфигурациясы дұрыс, шаруашылық ішінде өндірісті ұйымдастыруға ыңғайлы, топырағы сапалы, жер бедері тегіс, гидрографиялық жағдайлары бар және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге жарамды ықшам жер учаскелерін жобалау.

41. Жаңадан ұйымдастырылған шаруашылықтарды жобалау кезінде және бұрыннан бар жер учаскелерін қайта ұйымдастыру жағдайларында жер учаскелері ұзаққа созылмаған және бытыраңқы емес, өнімді алқаптары шаруашылық орталықтарына барынша жақын және аумақтардың инженерлік жабдықтарының жай-күйін, елді мекендердің өлшемдері мен орналасуын, ауыл шаруашылығы алқаптарының саны мен сапасын, жол және ирригациялық желілердің болуын, елді мекендер мен азықтық алқаптардың сумен қамтамасыз етілуін ескере отырып, ыңғайлы конфигурациядағы бірыңғай жинақы алап ретінде қалыптастырылады.

42. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекараларын жобалау кезінде мыналар ескеріледі:

1) жерлердің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында сумен жабдықтау көздерін ескере отырып, шекараларды белгілеу;

2) шекараларды табиғи шатқалдармен және жасанды құрылысжайлармен және ерекше режимде пайдаланылатын аймақтардың шекараларымен қиыстыру;

3) егістікте тік сызықты шекараларды бұрылыссыз орналастыру;

4) әр шаруашылықтың суды бөлек пайдалануын қамтамасыз ету үшін суармалы егіншілік аймақтарының шекараларын бағыттаушы каналдар аймақтарының шекараларымен қиыстыру;

5) жер бедері айқын көрінетін күрделі агроланшафттарда шекараларды суарықтар бойынша орналастыру, сондай-ақ су жинау алаңдарының ағысқа көлденең бөлінуіне жол бермеу;

6) жел эрозиясына бейім аудандардағы жазық аумақтағы егістік жерлерде танаптарды шаңды дауылдар мен құрғақ желден тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында орман белдеулерінің шекаралары бойымен қатар орналастыра отырып, топырақтың дефляцияға төзімділік дәрежесін және желдің негізгі бағыттарының бағыты мен жылдамдығы.

Шекараларды жобалау кезінде жер бедерінің шарттары мен жел бағыты арасында қарама-қайшылық туындаған жағдайда, жел және су эрозиясы әсерінің алдын алу мақсатында бірінші кезекте жер бедерінің шарттары ескеріледі.

43. Суармалы егіншілікті жобалау кезінде мыналар ескеріледі:

1) жер учаскелерін пайдалануды су объектілерімен өзара байланыстыру;

2) жер учаскелерін олардың шекараларына байланысты әлеуметтік жанжалдарды болдырмауды ескере отырып, қалыптастыру;

3) жер учаскелерін суару үшін су ресурстарын бөлуге байланысты әлеуметтік жанжалдарды болдырмауды ескере отырып, қалыптастыру;

4) суармалы егіншілікті бағыттаушы каналдармен бір аймақта орналастыру.

Суармалы егіншіліктің ахуалдық жоспары 1:10000, 1:25000 және 1:5000 масштабтарда жасалады, ал ірі алап үшін 1:25000, 1:50000 және 1:100000 масштабтарда құрама жоспарлар жасалады.



Суармалы жерлерді жобалау кезінде материалдар суармалы жерлерді түгендеу мәліметтері ескеріледі.

44. Суармалы жерлерді жаңаша игеру бойынша алаптарды жобалау мынадай ретпен жүргізіледі:

- 1) бүкіл игерілетін алапқа схема жасау;
- 2) шаруашылықтар тобына немесе игерудің әрбір кезегіне схема жасау.

### **3-параграф. Жерге орналастыру құжаттамасын қарау, келісу және бекіту**

45. Қоршаған ортаны қорғау, ауыл және орман шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері жоба келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде ШАЖО жобасын қарауды және келісуді жүзеге асырады.

Жерге орналастыру жобасын келісу Кодекстің 121, 139, 140 және 142-баптарында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 06.09.2023 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

46. ШАЖО жобасын бекітуді уәкілетті органдар Кодекстің 150-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырады.

47. ШАЖО жобасын әзірлеуші екі данада дайындайды, тігеді және нөмірлейді. Бекітілген ШАЖО жобасының бір данасы тапсырыс берушіге беріледі, екіншісі әзірлеушіде сақталады.

### **4-параграф. Жобаны орындау**

48. ШАЖО жобаны орындау мыналарды қамтиды:

- 1) жобалауға арналған тапсырмада көрсетілген мерзімдерге сәйкес ШАЖО жобасын орындау бойынша жоспар жасау;
- 2) ШАЖО жобасына сәйкес жер учаскелерін беру;
- 3) жобалауға арналған тапсырмада көзделген іс-шаралар мен жобалық шешімдерді орындау;
- 4) жобаланатын іс-шаралар шекараларының сақталуын табиғатта (жергілікті жерде) сақтау;
- 5) бірінші кезекте пайдалануға жарамды жер алаптарын беру.

Шаруашылықшілік және  
шаруашылықаралық жерге  
орналастыру жобаларын жасау  
қағидаларына  
I-қосымша  
Нысан

**Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба**

Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасы 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын әзірлеуге арналған қолдау хат негізінде әзірленді.

Жер пайдаланушы/меншік иесі: \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

немесе заңды тұлғаның атауы) Жер учаскесінің орналасқан жері:

Кадастрлық нөмірі: \_\_\_\_\_

Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау негіздемесі: \_\_\_\_\_

Жер учаскесіне құқық түрі: \_\_\_\_\_

Жер учаскесінің алаңы, гектар: \_\_\_\_\_

Жер учаскесінің нысаналы мақсаты: \_\_\_\_\_

Жер учаскесінің санаты (қолданыстағы жер учаскелерді ретке келтірген кезде)

Шектеулер,

ауыртпалықтар мен сервитуттар (бар болса) \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы өндірісінің нақты жай-күйі, жерлердің құнарлылығы және тапсырыс

берушінің ауыл шаруашылығы алқаптарын пайдалануы туралы мәліметтер:

Жер учаскесінің жай-күйі (жер учаскесінің физикалық жай-күйі, объектілер/ құрылыстардың/

құрылысжайлардың, инженерлік коммуникацияның, жолдардың, оның ішінде  
автомобиль  
жолдарының, далалық жолдардың, темір жолдардың, көпірлердің, қоршаулардың  
бар-жоғы  
туралы мәліметтер): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Қосымша түсініктеме (жер учаскесі шекараларының өзгеруі, бөгде пайдаланудағы жер  
учаскелерін анықтау): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын орындаушының

\_\_\_\_\_

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)  
\_\_\_\_\_ (қолы, күні)

Шаруашылықішілік және  
шаруашылықаралық жерге  
орналастыру жобаларын  
жасау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

### **Шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба**

Шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасы облыстардың, республикалық  
маңызы бар  
қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті  
атқарушы органдарының (керегін сызу) 20\_\_ жылғы \_\_ \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешімі  
негізінде  
әзірленді.

Меншік иесі: \_\_\_\_\_  
(облыстың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы,

\_\_\_\_\_

аудандық (қалалардағы аудандардан басқа) атқарушы орган, аудандық

маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі)

Жер учаскесінің орналасқан жері: \_\_\_\_\_

Есепке алу кварталы: \_\_\_\_\_

Шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасын жасау негіздемесі: \_\_\_\_\_

Жер учаскесінің алаңы, гектар: \_\_\_\_\_

Жер учаскесі жерлерінің санаты \_\_\_\_\_

Жерлердің аймақтарға бөлінуіне сәйкес рұқсат етілген пайдалану \_\_\_\_\_

Шектеулер, ауыртпалықтар мен сервитуттар (бар болса) \_\_\_\_\_

Дайындық жұмыстарының және далалық зерттеп-қараулардың нәтижелерін жинау, зерделеу, нақтылау, сондай-ақ далалық зерттеп-қараулар жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер туралы мәліметтер: \_\_\_\_\_

Жер учаскесінің жай-күйі (жер учаскесінің физикалық жай-күйі, объектілер/ құрылыстардың/ құрылысжайлардың, инженерлік коммуникацияның, жолдардың, оның ішінде автомобиль жолдарының, далалық жолдардың, темір жолдардың, көпірлердің, қоршаулардың бар-жоғы туралы мәліметтер): \_\_\_\_\_

Шекаралардың сипаттауы (іргелес жер пайдаланушыларды анықтау, әрбір аралық бойынша шекараның өтуін жергілікті белгілер мен бағдарлар бойынша сипаттау керек): \_\_\_\_\_

Жер учаскесінде орналасқан объектілердің (коммуникацияларды) сипаттауы: \_\_\_\_\_

---

Қосымша түсініктеме (жобаланатын жер учаскелері, бөгде пайдаланудағы жер учаскелерін анықтау): \_\_\_\_\_

Орындаушы: \_\_\_\_\_  
(шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасын орындаушының

---

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

\_\_\_\_\_ (қолы, күні)

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
2022 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 119 бұйрығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Жер пайдалануларды ұйымдастыру және реттеу, алқапта жер учаскесінің шекарасын бөлу және белгілеу бойынша шаруашылық аралық жерге орналастыру жобасын әзірлеу жөніндегі Қазақстан Республикасындағы жерге орналастыру жұмыстарын атқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2004 жылғы 7 қыркүйектегі № 72-Ө-а бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3148 тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 7 қыркүйектегі № 72-Ө-а "Жер пайдалануларды ұйымдастыру және реттеу, алқапта жер учаскесінің шекарасын бөлу және белгілеу бойынша шаруашылық аралық жерге орналастыру жұмыстарын атқару ережелерін бекіту туралы" бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің 2005 жылғы 24 маусымдағы № 108-Ө-а бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3737 тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының "Жер пайдалануларды ұйымдастыру және реттеу, алқапта жер учаскесінің шекарасын бөлу және белгілеу бойынша шаруашылық аралық жерге орналастыру жобасын әзірлеу жөніндегі Қазақстан Республикасындағы жерге орналастыру жұмыстарын атқару ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 7 қыркүйектегі № 72-Ө-а бұйрығына өзгерістер

енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 268-П бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5435 тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 12-ОД бұйрығының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7435 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 782 бұйрығымен бекітілген өзгерістер енгізілетін жер қатынастары саласындағы бұйрықтар тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13093 тіркелген).